

Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы № 218 "Атырау қалалық әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 21 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1-бабына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығына сәйкес, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 7 наурыздағы № 218 "Атырау қалалық әкімдігі мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2890 болып тіркелген, облыстық "Атырау" газетінде 2014 жылы 22 сәуірде жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қала әкімі

Н. Ожаев